



Сауда маркасы: GreenBean
Үлгісі / артикулы: ZOOM 60LED
ZOOM 90BW LED

**Студиялық жарықдиодты
GreenBean жарықтандырғышы
ZOOM 60 LED**

**Студиялық жарықдиодты
GreenBean жарықтандырғышы
ZOOM 90BW LED**



Пайдалану жөніндегі нұсқаулық



Өндіруші бұйымның құрылымына оның тұтынушылық қасиеттерін нашарлатпайтын өзгерістерді, осы нұсқаулыққа өзгерістерді енгізбей-ақ, енгізу құқығын өзіне қалдырады. Бұл жағдайда Сіз осы тауар бойынша өзекті ақпаратпен www.gbvideo.ru сайтында тансыа алаыз.



Құрылғыда өз бетімен қызмет көрсетуді қажет ететін бөліктері жоқ, сондықтан құрылғыны бөлшектемеуді сұраймыз. Өз бетімен жөндеу кепілдіктен айырылуға әкеледі.

1 Бұйыммен жұмыс істеудің қауіпсіздігі

Құрылғының бұзылуына немесе өзіңнің не басқалардың денсаулығына зиян келтіруге жол бермеу үшін құрылғыны пайдаланар алдында төменде келтірілген барлық сақтық шараларымен танысуды сұраймыз. Өзіңіздің жеке қауіпсіздігіңіз үшін қауіпсіздік техникасы бойынша ұсынымдарды және ескертулерді сақтаңыз. Қауіпсіздік техникасы бойынша осы ұсынымдарды пайдаланушылар үшін ыңғайлы жерде сақтаңыз.

Жарықдиодты GreenBeap жарықтандырғышы күрделі техникалық құрылғы болып табылады және тек қана мақсаты бойынша және тек қана білікті персоналмен пайдаланылуы мүмкін.

- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Тек қана жарықтандырғыш жиынықталған түпнұсқалық қуаттану блогын пайдаланыңыз. Жарықтандырғыш басқа типті немесе басқа өндірушілердің қуаттану жүйелеріне қосылмауы қажет.
- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Күйіп қалу қауіпі бар! Аспап жұмыс істеп тұрғанда және сөндіргеннен кейін толығымен суымағанша жарықдиодқа және құрылымның жақын орналасқан элементтеріне қол тигізбеңіз. Жұмыс кезінде олар жоғары температураға дейін қызады және олармен түйісу ауыр күйіктерге әкеледі.

Құрылғыны бөлшектеуге немесе қандай болса да түрде өзгертуге тырыспаңыз. Осы сақтық шарасын орындммау электр тоғымен зақымдануға немесе құрылығы жұмысының бұзылуына әкелуі мүмкін.

Егер бұзылу құрылғының құлауының немесе басқа оқиғаның нәтижесінде орын алған болса, ақаулы құрылғыны тексеру және оған техникалық қызмет көрсету үшін авторизацияланған сервистік орталыққа жіберу қажет.

- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!** Сәуленің жоғары қарқындылығы бар! Жарықтандырғыштың сәуле шығаратын элементіне қарамаңыз және жарық сәулесін жақын тұрған адамдарға бағыттамаңыз.
- Аспапты желілік кәбілден ұстап көтермеңіз және оған ілмеңіз!
- Аспаптың немесе аксессуарлардың кез келген құрауышында көзге көрінетін бұзылулары болса, оларды пайдаланбаңыз. Бұзылулар болған жағдайда тиісті бөліктер ауыстырылуы қажет, авторизацияланған сервистік орталыққа жүгінізіз. Әр пайдаланар алдында аспапты ықтимал бұзылу мәніне тексеріп отырыңыз.
- Құрылғыны ылғалдан сақтандырыңыз, су қолдарыңызды тигізбеңіз, судың немесе атмосфералық жауын-шашынның әсер етуіне жол бермеңіз
- Істен шыққан сақтандырғыштардың орнына тіпті уақытша болса да кез келген жалғастырғыштарды орнатуға тайым салынады. Бұл жарықтандырғыштың, электр сымдардың бұзылуына және өрттің шығуына әкелуі мүмкін.
- Егер жарықтандырғыш ұзақ уақыт ішінде пайдаланылмайтын болса, оны желіден ажыратып қою керек.

2 Бұйымның мақсаты

GreenBean Zoom - бірқалыпты диммерлеуі, фокустауы мен қуаттанудың әмбебеп типі бар жарықдиодты жарықтандырғыш студиядағы және одан тыс жерлердегі кәсіпқой бейне- және фототүсірімге арналған. Фокустаудың үлкен диапазонын, таза жарық конусын және конустың ішінде жарықтың бірқалыпты таратылуын қамтамасыз етеді. Шағын көлемі, төмен салмағы және үлкен қуаты жарықтандырғышты тіпті кішкентай жұмыс кеңістікте пайдалануға мүмкіндік береді. Жылуды аз бөліп шығаруы түсірім ортасын қауіпсіз әрі ыңғайлыға айналдырады, ал жарықдиодтың пассив салқындату жүйесі сюжеттерді дыбыспен синхронды түсіргенде бөгде шу шығармайды. Аспаптың тиімділігі жарық көзі ретінде түс жіберудің жоғары CRI (95-тен астам) индексі бар жарықдиодтарды қолдануға негізделген.

3 Техникалық сипаттамалары

Үлгісі	ZOOM 60 LED	ZOOM 90BW LED
Жарықдиодтың қуаты	60 Вт	90 Вт
Түстер температурасы	5600K±200K (3500K±200K сүзгімен)	5600K±200K (3500K±200K сүзгімен)
Жарық ағынының қуатын реттеу	10-100% бірқалыпты	10-100% бірқалыпты
Фокустаудың диапазоны	5° -55°	10°-55°
CRI түс беруінің индексі	≥95	≥95
Жарықдиодтың ресурсы	50000 сағ	50000 сағ
Байонет	-	BOWENS
Аксессуарларды ұстағыш	Ø76 мм	Ø126 мм
Электр қуаттануы	90-240 В айн.тоқтың/ 12-24 В тұрақты тоқтың	90-240 В айн.тоқтың/ 12-24 В тұрақты тоқтың
V-mount аккумуляторлардан қуаттану	иә	иә
Салқындату	пассив, желдеткішсіз	пассив, желдеткішсіз
Орнату	5/8" (16 мм)	5/8" (16 мм)
Корпус материалы	алюминий корытпасы	алюминий корытпасы
Кронштейн материалы	алюминий корытпасы	алюминий корытпасы
Жаоықтандырғыш өлшемдері (лирасыз)	ұзындығы (жалпақ сәуле): 170 мм ұзындығы (жіңішке сәуле): 200 мм ені: 98 мм биіктігі: 135 мм	ұзындығы (жалпақ сәуле): 203 мм ұзындығы (жіңішке сәуле): 253 мм ені: 130 мм биіктігі: 150 мм
Лираның ұзындығы	180 мм	145 мм
Жарықтандырғыштың салмағы (пердешелерсіз және сүзгісіз)	1,3 кг	2,73 кг

4 Жиынтықталуы

1. Студиялық жарықдиодты GreenBean ZOOM жарықтандырғышы 1 дана.
2. Пердешелер 1 дана.
3. Конверсиялық сүзгі 1 дана.
4. Кәбілі бар қуат кәбілі 1 дана.
5. Желілік кәбіл 1 дана.
6. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық 1 дана.
7. Кепілдік талоны 1 дана.

5 Жарықтандырғышпен жұмыс істеу тәртібі

Жарықтандырғышты жұмысқа дайындау

Жарықтандырғышты 5/8" стандартты адаптері бар тіреуге орнатыңыз немесе бекіту жүйесіне асып қойыңыз және сақтандырғыш сымарқанын бекітіңіз. Жарықтандырғыштың көлбеу бұрышын реттеңіз.

Конверсиялық сүзгіні және пердешелерді орнату

Түстер температурасын 5600K-дан 3200K-ға дейін өзгерту үшін конверсиялық сүзгіні орнатыңыз. Жарық ағынын шектеу қажет болғанда

және паразиттік жарық берілуді болдырмау үшін қондырмалар бекіткішін ашыңыз

және пердешелерді қосымша слотқа орнатыңыз, қондырмаларды бекіткішпен

бұғаттаңыз.

Bowens байонеті бар қондырмаларды орнату (ZOOM 90BW LED үлгісі үшін)

ZOOM 90BW LED үлгісі Bowens байонеті бар қондырмалармен үйлесімді, бұл жарықтандырғышқа софтбоксты, рефлекторды, конусты және т. б. орнатуға мүмкіндік береді:

Шатырды орнату (ZOOM 60 LED үлгісі үшін)

Жарықтандырғыш корпусының төменгі бөлігінде шатыр ұстағышы орналасады.

Қуатты қосу

Қуат кәбілімен жарықтандырғыштың қуат ағытпасы мен қуат адаптерінің шығыс ағытпасын жалғастырыңыз және оларды сомындармен бекітіңіз. Түсірімнің мақсатары мен орнына байланысты жарықтандырғыш айнымалы тоқ желісінен, V-mount типті аккумулятордан немесе тұрақты тоқтың 12-24 В аккумуляторларынан қуаттануы мүмкін.

220 В айнымалы тоқ желісінен қуаттану:

Қуаттың желілік баусымын қуат адаптерінің кіріс ағытпасына қосыңыз, содан кейін оны айнымалы тоқ желісінің розеткасына (AC90-240В) қосыңыз.

Ауыстырып-қосқышпен АС жайғасымын (айнымалы тоқ) таңдаңыз. Қуатты қосыңыз.

V-mount аккумуляторынан қуаттану:

V-mount батареясын қуат адаптеріне орнатыңыз, ауыстырып-қосқышты "V-mount" жайғасымға ауыстырыңыз. Ауыстырып-қосқышпен DC (тұрақты тоқ) жайғасымын таңдаңыз. Қуатты қосыңыз.

12В-24В аккумулятордан қуаттану:

Сыртқы 12-24В аккумуляторды адаптердің ағытпасына қосыңыз (кәбіл бөлек сатылып алынады), ауыстырып-қосқышты "12-24 В аккумуляторы" жайғасымға ауыстырыңыз. Ауыстырып-қосқышпен DC (тұрақты тоқ) жайғасымын таңдаңыз. Қуатты қосыңыз.

Жарықтылықты реттеу

Диммер тұтқасын айналдырумен жарық ағыны қуатының қажетті деңгейін орнатыңыз, диммерлеу диапазоны 10-100%. ***Ұсыным:*** жарықтандырғышпен жұмыс аяқталғаннан кейін, қуатты ажыратар алдында қуат реттегішімен жарықтандырғыштың минималды жарықтылығын орнатыңыз, және тек қана осыдан кейін аспапты сөндіріңіз.

Жарық шоғырын фокустау

Жарық шоғырын фокустау жарықтандырғыш корпусындағы түрлі-түсті сақинаны бұрумен жүргізіледі.

6 Сақтау және техникалық қызмет көрсету

Аспапты құрғақ, таза 80%-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылығы бар үй-жайда сақтаңыз. Жоғарлаған ылғалдылық жарықтандырғыштың металл бөліктерінің жемірілуіне әкелуі мүмкін. Ұзақ уақытқа сақтауға қояр алдында немесе сақтағаннан кейін пайдаланар алдында, салқындату жүйесінің желдеткіш саңылауларына ерекше назар аудара отырып, аспапты тазалау қажет. Тазалауды бастар алдында аспап желіден ажыратылғанына және салқындатылғанына көз жеткізіңіз. Аспапты бензин немесе еріткіштер сияқты химикаттардың әсеріне ұшыратпаңыз. Сұйық немесе аэрозольді тазартқыш құралдарды пайдаланбаңыз.

Өндірушінің қаптамасында көліктің кез келген түрімен механикалық зақымданулардан, сонымен қатар ылғалдың түсуінен және әсер етуінен қорғалған жағдайда тасымалдауға болады.

Пайдаланылған немесе істен шыққан электрлік және электрондық бұйымдар құрамында қауіпті заттар болуы мүмкін, сондықтан оларды тұрмыстық қалдықтардан бөлек кәдеге жарату керек.

Пайдаланылған немесе істен шыққан электрлік және электрондық бұйымдарды кәдеге жарату туралы толығырақ мәліметтер алу үшін муниципалдық әкімшілікке жүгініңіз.

7 Кепілдікті міндеттемелер

Бүкіл GreenBean өніміне кепілді мерзім 12 ай құрайды. Кепілдік құрылым мен материалдардың ақауларына қолданылады. Кепілдікті міндеттемелер жөндеуді немесе, жөндеу мүмкін болмаған жағдайда, тауардың жаңаға, бірақ тауардың каталогтық құнынан аспайтынға ауыстырылуын қамтиды. Кепілдік қате пайдаланудан немесе тауарға қызмет көрсету ережелерін сақтамаудан туындаған бұзылулар және/немесе ақауларға қолданылмайды. Кепілдік келесі жағдайларда өзінің күшінен айырылады:

- жөндеудің рұқсат етілмеген талпыныстарда немесе құрылымға өндіруші зауыт қарастырмаған өзгерістерді енгізгенде,
- пайдалануда немесе тасымалдағанда пайда болған механикалық зақымданулар (жаншылулар, сызаттар және т. б.) бар болғанда,
- құрылғының ішінде бөгде заттардың (су, лас, жәндіктер және т. б.) түсуінен туындаған бұзылулар бар болғанда,
- жоғары температураның, оттың, ылғалдың, жәндіктердің, жануарлардың әсер етуінен алынған зақымданулар бар болғанда,
- бейстандартты шығыс материалдарды және қосалқы бөлшектерді пайдаланудан туындаған зақымданулар бар болғанда.



Өндіруші: Венжоу Чангченг Фото-Фасилити Ко., Лтд.,
№5 Юченг Родд, Югуанг Гарден, Венжоу Хи-теч Зоне, 325000,
Венжоу, Қытай, тел. +86-0577-88609865

Еуразиялық экономикалық одақ аумағына импорттаушы:

“Наблюдательные приборы” ЖШҚ,
197198, Санкт-Петербург қ., Малая Пушкарская к-сі,
4-6-үй, лит. А, 2Н-үй-жай

Телефоны +7 (812) 498-48-88

Жабдықтың шығарылған күні жеке қаптамасында көрсетілген, Айы Жылы
Бұйым ҚР аумағында сертификаттаудан өтті

Өндіруші кәсіпорын ISO 9001 сапа менеджментінің халықаралық жүйесінде
сертификатталған



www.gbvideo.ru

www.youtube.com/c/GreenBeanTV

www.vk.com/gb_video